

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы



**МДҰ педагогикалық кеңесіне еңбек тәртібін
нығайту, педагогикалық этиканы бұзудың алдын
алу бойынша ұсынымдар**

(педагогикалық әдеп кеңесі)

Кеңес хатшысы: Джуматова Б

2024-2025 ЖЫЛ

Педагогтың кәсіптік мінез-құлқының этика-деонтологиялық нормалары

Педагогикалық этика - мінез-құлық нормаларын зерттейтін ғылым.

Педагогның кәсіби мәдениетінің маңызды негізі - педагогикалық этика және деонтология (грек тілінен.деон-парыз және логос-ілім), этика (грек тілінен.ethos-әдет-ғұрып,) - мінез-құлық нормалары мен ережелері, адамдар арасындағы қатынастар туралы ғылым.

Педагогикалық этика жалпы этикалық нормаларға негізделген білімалушылармен, олардың ата-аналарымен және әріптестерімен қарым-қатынас кезінде педагог басшылыққа алатын нормативтік моральдық ұстанымдарды анықтайды.

Педагогикалық этика талаптары:

- табысқа деген сенімді күшейтетін ұстаным;
- педагог мен оқушы арасында дұрыс қарым-қатынас орнату;
- әрбір білім алушыға тілектестік қарым-қатынас;
- алғашқы кездесуден бастап оқушылармен қолайлы сөйлеу қарым-қатынасы;
- педагогның келбеті, топтағы жағдай.

Педагогикалық этика моральдық құндылықтар мен педагогикалық моральдың негізгі категорияларының мәнін қарастырады.

Моральдық құндылықтарды жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен ар-намыс туралы идеялар жүйесі деп атауға болады, олар өмір құбылыстарының сипатын, адамдардың моральдық қасиеттері мен іс-әрекеттерін бағалаудың бір түрі болып табылады.

Педагогикалық қызметке барлық негізгі моральдық ұғымдар қолданылады:

- кәсіби педагогикалық парыз;
- педагогикалық әділеттілік;
- педагогикалық құрмет;
- педагогикалық бедел;
- педагогикалық сана.

Педагогикалық парыз - педагогикалық этиканың маңызды категорияларының бірі. Онда қоғамның педагогның жеке басына, оның кәсіби міндеттерін орындауына қойылатын талаптар мен моральдық талаптардың жиынтығы туралы идеялар шоғырланған. Олар белгілі бір (негізінен зияткерлік) еңбек функцияларын жүзеге асыруды, оқушылармен, олардың ата-аналарымен, жұмыстағы әріптестерімен қарым-қатынасты дұрыс құруды, таңдаған мамандыққа, педагогикалық ұжымға және жалпы қоғамға деген көзқарасын терең түсінуді қамтамасыз етеді.

Педагогикалық сана педагогның мінез-құлық нормаларын, қоғамдағы қарым-қатынас сипатын және көзқарастарда, идеяларда, сезімдер мен әдеттерде бекітілген адам қасиеттерінің құндылығын түсінуі (түсінуі және қабылдауы) ретінде қарастырылады.

Педагогтың адамгершілік сана элементтерінің бірі-олардың адамгершілік құндылықтарды білуі және оның оқушылары осы құндылықтарды қалай қабылдайтынын түсінуі. Моральдық көзқарастарды қалыптастырудың негізі - мораль принциптерін, талаптары мен нормаларын білу және олардың педагогикалық қызметте нақты көрінісі болып табылады.

Педагогикалық (авторитет) бедел:

- бұл оның тәрбиеленушілер мен әріптестер ұжымындағы моральдық мәртебесі;
- бұл тәртіптің бір түрі, оның көмегімен беделді педагог білім алушылардың мінез-құлқын реттейді, олардың сенімдеріне әсер етеді.

Педагогикадағы кәсіби құрмет - бұл педагогтың маңыздылығын ғана емес, сонымен бірге оның моральдық еңбегі мен қасиеттерін қоғамдық тануды, қоғамдық құрметтеуді білдіретін ұғым.

Педагогтың қызметінде оның жеке тұлғалық сипаты айқын көрінеді. Егер ол мінез-құлқында және тұлғааралық қарым-қатынаста қоғамның педагог идеалына қоятын талаптарын бұзса, онда сәйкесінше кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін елемейді көрініс табады.

Педагогты құрметтеу -оның кәсіби міндетін орындау процесінде көрінетін нақты кәсіби қасиеттеріне қоғамның жоғары бағалауы болып табылады.

Педагогикалық әділеттілік адамдардың құндылықтары мен олардың әлеуметтік мойындалуы, құқықтары мен міндеттері арасындағы сәйкестікті сипаттайды.

Оның өзіндік ерекшеліктері бар, бұл педагогтың объективтілігінің өзіндік өлшемі, оның адамгершілік тәрбиесінің деңгейі (мейірімділік, адалдық, адамгершілік). Бұның бәрі оқушылардың іс-әрекеттерін бағалауда, олардың бірлескен жұмысқа деген қарым-қатынасында көрінеді.

Әдептілік - өзін лайықты, дұрыс ұстай білу қабілетін қалыптастыратын сезімі.

Педагогикалық әдептілік - педагогтің балалармен қарым - қатынас процесінде сақтауы тиіс шара қағидаты (принцип); педагогтің педагогикалық шеберлігімен, тәжірибесімен, мәдениет деңгейімен және жеке қасиеттерімен айқындалады; баланың қадір-қасиетін кемсітпей және оның тәрбиеге қарсылығын туғызбай, кез келген жағдайда (оның ішінде жанжалда да) тәрбиелік ықпал етудің оңтайлы шараларын таба білуінде көрінеді.

Педагогикалық әдептілік қарым-қатынас субъектілерінің жеке ерекшеліктерін, педагогтың моральдық-этикалық кәсіби көзқарастарын ескеруді қамтиды.

Педагогикалық әдеп - педагогтың кәсіби сапасы, оның шеберлігінің бір бөлігі.

Педагогикалық мораль - бұл педагогке қатысты моральдық талаптар жүйесі: өзінің өзіне, мамандығына, қоғамға, балаларға және оқу-тәрбие процесінің қалған қатысушыларына.

Педагогикалық имидж - тәрбиеленушілердің, әріптестердің, әлеуметтік ортаның санасында, бұқаралық санада педагог бейнесін қабылдаудың эмоционалдық стереотипі. Педагогтың имиджін қалыптастыру кезінде оның нақты қасиеттері оған басқа адамдардың берген сипаттамасымен тығыз байланысты. Қазіргі мектепке дейінгі тәрбиеші тәрбиешінің ерекшеліктерімен (қорғаншылық, ананы ауыстыру) қатар жалпы педагогикалық ерекшеліктерді біліп, қызметінде ескеру керек.

Тәрбиеші имиджінің негізгі компоненттерін атайтын болсақ: көрнекі тартымдылық; вербалды (ауызша, сөз арқылы) мінез-құлық; вербалды емес мінез-құлық, әдептілік, этикет, сүйкімділік т.с.с. жанға жайлы қабілет-қасиеттері.

"Баланы түсіне біл" -педагогнің кәсіби өсиеті болу керек. Түсіну дегеніміз - ішкі, психикалық күйне ену, кез келген әрекеттің, оның уәжің (мотив),

себептерін түсіну. Педагог мен оқушының қарым-қатынасы кейде тағдырға айналады. Сұхбаттасушыны тыңдай білу, тыңдағанда есту - бұл педагогның шеберлігі және, қарым-қатынас өнері.

Ең бастысы, педагог өз міндеттерін біліп, оларды мүлтіксіз орындай білуі. Педагог қызметіне қатысты төмендегідей нормативті міндеттер айқындалды:

- педагогикалық мамандықтың ерекшелігін түсіне біліп, соған сәйкес қасиеттерді жеке тұлға ретінде бойында тәрбиелеуге үйрену;
- педагогикалық этиканың, деонтологияның ұстанымдарын танып-біліп, үнемі сақтау;
- таңдаған мамандық бойынша теориялық білім мен практикалық дағдысын ұдайы және терең меңгеру;
- өзінің идеялық-саяси, ғылыми және мәдени деңгейін арттыру;
- көпшілік-саяси және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру;
- қоғамдық-пайдалы еңбекке белсене қатысу;
- білім беру орындарында еңбек тәртібін орындау.

